

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ф 017-1.113-2026
30.04.2026 ж.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы
нормативтік құжат түрі

Бет 1-8

«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Қабылдау комиссиясының төрағасы


Шеңкелбаев
(2026 ж. қыркүйек айы)

Ғылым және мәдениет
№1



7M02162 – «АКТЕРЛІК ӨНЕР»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2026 ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ф 017-1.1.13-2026
30.04.2026 ж.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы
нормативтік құжат түрі

Бет 2-8

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Кульсеитова М.А. – PhD, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының аға оқытушысы.

Шанкибаева А.Б. – ө.ғ.к., профессор Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сахна пластикасы және дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі.

Жұман А.И., доцент, өнертану кандидаты, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сахна тілі» кафедрасының меңгерушісі.

Қарамолдаева Д.О. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, «Музыкалық театр» кафедрасының меңгерушісі.

Қажнабиева Б.А. – «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасы меңгерушісінің м.а.

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сахна пластикасы және дене тәрбиесі кафедрасының отырысында.

Хаттама № 9 «04» 04 2026 ж.

«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі»

кафедрасы меңгерушісі

Шанкибаева А.Б.

1. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор


Халыков К.З.

« _____ » _____ 2026 г.

Ғылыми кадрлар даярлау
бөлімінің басшысы

Кульшанова А.А.

« _____ » _____ 2026 г.



Магистратураға қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары білімнің алдыңғы деңгейінің (бакалавриаттың) білім беру бағдарламалары көлемінде әзірленді. 7M02162 – «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға қабылдауға төмендегі бағыттар бойынша жоғары білімі бар тұлғалар жіберіледі:

B023 – Режиссура, арт-менеджмент бB02106 – Театр режиссурасы

B027 – Театр өнері бB02192 – Актерлік өнер

Артықшылық беріледі:

- бейін бойынша кәсіби еңбек өтілі бар;
- бейін бойынша ғылыми жарияланымдары, ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурстарының жүлделері мен жүлделі орындары бар;
- бейінге сәйкес елеулі театрлық қойылымдардың режиссерлері, халықаралық және республикалық шығармашылық байқаулардың жүлдегерлері мен лауреаттары;
- шет тілін (ағылшын тілін) еркін меңгерген тұлғалар.

Бейіндік магистратураға осы бағыт бейіні бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, өз жетекшілігімен жүзеге асырылған қойылымдары және әртүрлі марапаттары бар мамандардың құжаттары қабылданады.

I. 7M02162 – «АКТЕРЛІК ӨНЕР» МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР


1. Магистратураға түсушінің:

Түсінігі болу керек:

- өзінің болашақ кәсібіннің мәні мен әлеуметтік маңызын, театр мен мәдениет саласындағы кәсіби қызметтің ерекшеліктерін, практикалық пәндердің ролін және олардың көркем туынды жасаудағы өзара байланысын;
- әлемдік және отандық мәдениет, театр, кино, музыка және бейнелеу өнерінің негізгі даму кезеңдерін, сондай-ақ өнердегі қазіргі заманғы үрдістерді;
- режиссерлік талдау теориясын және көркем әдебиет туындыларын – драматургияны, прозаны, поэзияны – сахналық жүзеге асыру практикасын, инсценировка негіздерін;
- қойылымдық қызметте қолданылатын заманауи технологияларды, техникалық құралдар мен аспаптарды;
- мәдени индустриялардың қызмет ету ерекшеліктерін және олардың аясында кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін.

Білу керек:

- театр өнерінің негізгі көркемдік, мәдениеттанулық және эстетикалық қағидаттарын;
- театрдың және шығармашылық ұжымның құрылымын, қойылымдық үдеріс қатысушыларының функцияларын;
- спектакль қоюдың кезеңдерін және дайындық үдерісті ұйымдастыру әдістемесін;
- режиссураның теориялық және практикалық негіздерін, режиссерлік талдау әдістерін;
- сахналық туындыны жасаудың әдістері мен технологияларын;
- актер шеберлігінің негіздерін және режиссер мен актердің өзара әрекет ету ерекшеліктерін.



Түсіну керек:

- сахналық бейне мен көркемдік ой-түйін жасалу заңдылықтарын;
- театрдың көркемдік-бейнелік құралдарының спецификасын;
- сахналық бейне жасаудағы пластикалық тілдің ерекшелігін;
- әдеби материалды сахналық кеңістікте интерпретациялау ерекшеліктерін;
- режиссерлік ой-түйін аясында ұжымдық шығармашылық жұмыс жағдайында жүзеге асыру принциптерін;
- кәсіби этиканың және коммуникацияның шығармашылық үдерістегі маңызын.

Меңгеру керек:

- режиссерлік жұмыс пен қойылымдық үдерісті ұйымдастырудың практикалық дағдыларын;
- драматургиялық материалды талдау және режиссерлік концепцияны әзірлеу әдістерін;
- актерлермен, қойылымдық құраммен және техникалық қызметтермен жұмыс істеу дағдыларын;
- театрда қолданылатын заманауи техникалық құралдар мен цифрлық технологияларды;
- шығармашылық жобаларды өз бетінше әзірлеу және жүзеге асыру дағдыларын;
- кәсіби өсудің тәсілдері мен жаңа практикалық білімдерді меңгеру жолдарын.

Құзыретті болу керек:

- практикалық режиссура, драматургия және актер өнері саласында;
- театр мен сахналық өнердің қазіргі даму бағыттары саласында;
- кәсіби қызметте заманауи технологияларды қолдануда;
- театрлық және мәдени жобаларды ұйымдастыру және жүзеге асыруда;
- кәсіби орта талаптарына бейімделуде және шығармашылық индустрияларда жұмыс істей білуде.

2. **Қабылдау емтиханы** «Магистратура мен PhD докторантураға қабылдау қағидаларына» сәйкес мыналарды қамтиды:


- коллоквиум;
- жоба қорғау (жоба «Театр режиссурасы» бағыты бойынша еркін тақырыпта орындалады).

II. ПӘНДЕР АТАУЛАРЫ, НЕГІЗГІ БӨЛІМДЕРІ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚҚА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. «Актерлік өнер»

Дайындыққа арналған сұрақтар

1. Актердің шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына әскер ететін факторлар.
2. К.С. Станиславскийдің этика туралы ілімі - театрдағы ұжымдық шығармашылықтың негізі.
3. Сахналық серіктеспен қарым-қатынас, актер ойынының сапасына ықпалы.
4. Эпюдтармен жұмыс артистік техника негіздерін меңгерудің маңызды кезеңі ретінде.
5. Актерлік шығармашылықтағы психикалық және физикалық әрекеттердің бірлігі.
6. Азаматтық позицияның сахналық бейнеге әсері.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ф 017-1.113-2026
30.04.2026 ж.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы
нормативтік құжат түрі

Бет 5-8

7. Эмоциялық жады және оны актерлік өнерде пайдалану.
8. Актерлік өнердегі суырыпсалмалық қабілет.
9. Бұлшықет еркіндігі - шығармашылық сезімді тудырудың шарты ретінде.
10. Актер шығармашылығындағы қабылдау және бақылаудың алар орны (восприятие и наблюдательность).
11. Актерлік өнердегі елестету мен қиял (Воображение и фантазия).
12. Физикалық әрекет – әрекет арқылы талдау әдісінің негізі.
13. Рольдің перспективасы және актердің перспективасы.
14. К.С. Станиславскийдің түпкі мақсат және әрекет арқауы туралы ілімі.
15. Пьеса мен рольді әрекет арқылы талдау.
16. Кейіпкермәнділікке көтерілу. (Перевоплощение).
17. Актерлік таптауырындылық табиғаты (қолдану және жеңу).
18. Ұсынылған шартты жағдай - сахналық әрекеттің қозғаушы күші ретінде.
19. Сезім шындығы мен қойылым формасының бірлігі.
20. Режиссерлік шешімнің актердің бейне жасауына әсері.
21. Іс-әрекеттің қисынын, мінез-құлық сипатын, кейіпкерлердің әрекет желісі мен олардың қарым-қатынасын анықтау жолдары.
22. Сахналық бейне жасаудағы актерлік шешімнің қалыптасу кезеңдері.
23. Сахналық атмосфераны жасауда актердің ролі.
24. К.С. Станиславскийдің әрекет туралы ілімі сахна өнерінің негізгі мәнерлік құралы ретінде.
25. Әрекет арқылы талдау, пьесамен жұмыс істеудің маңызды кезеңі ретінде.

Әдебиеттер тізімі

1. Кнебель, М. О действенном анализе пьесы и роли [Текст] / М. Кнебель.- М: ГИТИС, 2018.- 216 с. ISBN 978-5-91328-269-9
2. Пансо, В. Труд и талант в творчестве актера [Текст] / Вольдемар Пансо.- М.: ГИТИС, 2013.- 228 с. ISBN 978-5-91328-080-0
3. Станиславский, К.С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания [Текст]: Дневник ученика / Константин Сергеевич Станиславский.- СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2017.- 512 с. ISBN 978-5-389-09549-6
4. Захава, Б.Е. Мастерство актера и режиссера [Текст]: Учебник / Б.Е. Захава; под ред. П.Е. Любимцева.- 6-е изд.- СПб: Лань, 2013.- 432с. ISBN 978-5-8114-1575-5
5. Станиславский, К.С. Работа актера над собой [Текст]: Дневник ученика / К.С. Станиславский.- СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2015.- 736 с. ISBN 978-5-389-10125-8
6. Судакова, И.И. От этюда к спектаклю. Уроки мастера [Текст]: Учебное пособие / И.И. Судакова.- М.: ГИТИС, 2014.- 126 с. ISBN 978-5-91328-148-7
7. Кузнецова, Л.Н. Об актерских штампах [Текст]: Учебное пособие / Л.Н. Кузнецова.- М.: ГИТИС, 2014.- 212 с. ISBN 978-5-91328-141-8
8. Сарабьян, Э. Большая книга актерского мастерства [Текст]: Уникальное собрание тренингов по методикам величайших режиссеров Станиславский, Мейерхольд, Чехов, Товстоногов / Э. Сарабьян.- М.: АСТ, 2019.- 800 с. ISBN 978-5-17-092475-2




2. «Сахна тілі»

Дайындыққа арналған сұрақтар

1. «Сахна тілі» пәнінің нысаны және оны оқытудың негізгі ерекшеліктері.
2. Қазақ театр өнеріндегі сахна тілінің орыны.
3. Сахнадағы әрекетті сөз арқылы серіктеске ықпал ету.
4. Автор мәтіндегі астарлы мағынаны ашу және оны көрерменге жеткізу.
5. Орфоэпия заңдылықтарының әдеби тілге әсері.
6. Артикуляциялық жаттығулардың маңызы.
7. Болашақ актер шығармашылығында тыныс алудың маңызы.
8. Сөйлеу аппаратының құрылысы мен жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары.
9. Сөйлеу техникасын меңгерудің маңызы.
10. Сөздің мағыналық негізгі ой өзегін таба білу.
11. Дыбыстың тазалығын шыңдау.
12. Шығармадағы оқиғалар ағымын анықтау.
13. Фольклорлық мәтіндерді тіл ұстартуға пайдаланудың ерекшеліктері.
14. Пауза және оның түрлері.
15. Дауыс регистрлері.
16. Актер дауысының мүмкіндіктерін дамыту.
17. Классикалық драматургиялық шығармадағы монологпен жұмыс.
18. Ақ олеңмен жазылған классикалық драматургиямен жұмыс істеудің ерекшелігі.
19. Прозаикалық шығармадағы кейіпкер монологы.
20. Мысал жанрының бүгінгі күнмен үндестігі.
21. Поэзиямен жұмыс істеу ерекшеліктері.
22. Эпос пен жырларды оқу тәжірибесінің актерлік шығармашылыққа әсері.
23. Шығарманың басты оқиғасын ашу.
24. Ішкі монологты ашу.
25. Сөйлеу кезінде сөйлемдегі бастауыш пен баяндауышты дұрыс айырып, мәнерлеп жеткізу.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Тұранқұлова Д. Сахна тілі (Мәтін) Т4: оқулық / Дариға Тұранқұлова.- Алматы: Білім, 2016-216б+8б ISBN 978-9965-09-883-3
2. Тұранқұлова Д. Сырлы сөз - сахна сәні (Мәтін) Т3: оқу құралы Дариға Тұранқұлова- Алматы: Білім, 2016-192 б,48- ISBN 978-9965-09-884-0:
3. Тұранқұлова Д. Көркемсөз оқу шеберлігі (Мәтін) Т2: оқу құралы / Дариға Тұранқұлова- Алматы: Білім, 2016-234 б,48- ISBN 978-9965-09-882-6
4. Тұранқұлова Д. Сахна тілі (Мәтін). ТА: оқу құралы / Дариға Тұранқұлова ,- Алмат: Білім, 2016-214 б,+8 ISBN 978-9965-09-881-9:
5. Тұранқұлова Д. Сахна тілі (Мәтін). Т1: оқу құралы 2016 - 214б,
6. Омарбаева М.С. Сахна тілі (Мәтін): Оқу құралы / Майра Смағұқызы Омарбаева.- Алматы: Т.Жүргенов атын. ҚазҰӨА. 2019.-226 б. ISBN 978-601-265-282-6
7. Әбзелбаев М.Н. Радио және теледидар дикторының тіл техникасы (Мәтін): Оқу құралы / М.Н. Әбзелбаев. – Алматы: Зумар, 2012-208 б. ISBN 978-601-7035-01-3
8. Васильев Ю.А. Сценическая речь ритмы и вариации (Текст): Учебное пособие / Ю.А. Васильев.- СПб: СПбГАТИ, 2009.- 416с+ил. ISBN 978-5-88689-065-5




9. Васильев Ю.А. Сценическая речь: ощущение- движение- Звучание. Вариация для тренинга (Текст): Учебное пособие / Ю.А. Васильев.-2-е издания. – СПб: СПбГАТИ 2012-342 с. ISBN 978-5-88689-077-8:
10. Черная Е.И. Основы сценического речи фонационального дыхание и голос: Учебник
11. Е.И. Черная. – СПб: Лань, Планета Музыки: 2016-76и ии (+ DVD).- (сценическая литература). ISBN 978-5-8114-1322-5, ISBN 978-5-91938-051-1
12. Ұлттық театр өнеріндегі сахна тілінің орны- А.Ы. Жұмаш/ Могнография – 2020 ж.
13. К.Бельжанова Сахна тілі Монолог: Оқу құралы/ Алматы: ARDA 2021.- 176+16 б. ISBN 978-601-7355-48-7

3. «Пластика өнері»

Дайындыққа арналған сұрақтар

1. Пластикалық қозғалыс және оның актердің кәсіби дайындығы жүйесіндегі негізгі міндеттері.
2. Би пәндері және олардың актердің кәсіби қалыптасу жүйесіндегі маңызы.
3. Сахналық физикалық мінез-құлықты қалыптастырудың негізгі факторлары.
4. Пластика театр өнерінің экспрессивтілігінің негізгі құралы ретінде.
5. Болашақ актерді тәрбиелеудегі И.Э. Кохтың педагогикалық қағидаты.
6. Драмалық спектакль құрылымындағы би пластикасының ролі.
7. Сахналық әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде мизансценаның ролі.
8. Сахналық бейнені қалыптастырудағы қол пластикасының экспрессивтілігі.
9. Ым-ишара – сахналық пластиканың құрамдас бөлігі ретінде.
10. «Сахналық қозғалыс негіздері» пәніндегі техника қауіпсіздігі.
11. Еуропалық қылышпау мектебіндегі қорғаныс пен шабуылдың негізгі элементтері.
12. Қылышпау мектебіндегі қорғаныстың сегіз түрі.
13. Темпо-ритактың сахналық бейненің ішкі және сыртқы әрекетіне әсері.
14. «Сахналық қылышпау негіздері» пәнінің педагогикалық міндеттері.
15. Сахналық қозғалыстың спектакльдің стиль ерекшеліктерімен байланысы.
16. Тарихи костюмдегі актердің пластикалық мінез-құлқының ерекшелігі.
17. Актер шеберлігі жүйесінде ым-ишараның маңызы және көркем бейне жасаудағы ролі.
18. Заманауи қазақстандық спектакльдерде би пластикасының ролі.
19. Бес қазақ қаруының (камшы, қылыш, садақ, найза, балта) сахналық қолданылуы және көркемдік маңызы.
20. «Сахналық шайқас» пәнінде техника қауіпсіздігін сақтай отырып, сахналық шындықты жасаудағы жасандылық пен көркемдіктің арақатынасы.
21. "Сахналық қозғалыс негіздері" пәнін оқытудың мақсаты.
22. Кеңістіктің өзара әсері және би-пластикалық экспрессивтілік формалары.
23. Үйлестіру және оның актерлік өнердегі функциялары.
24. Сахналық бейнені пластикалық шешудің мақсаты.
25. Кәсіби актердің би-пластикалық дайындығының негізгі кезеңдері.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-8

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Құлбаев, А.Б. Сахна сайысы өнері : Оқулық / Аман Бекенұлы Құлбаев.- 2-ші басылым.- Алматы: New book, 2018.- 224б.
2. Құлбаев, А.Б. Сырлы сезімнің сыртқы иірімдері : монография I кітап / А.Б. Құлбаев.- 2-ші басылым.- Алматы: New book, 2018.- 282 б.
3. Құлбаев А.Б. «Сахна қозғалысы негіздері» Алматы «New book» 2018 ж.
4. Құлбаев А.Б.«Актер шеберлігі» Алматы «New book» 2018 ж.
5. Құлбаев, А.Б. Сахнадағы сымбаттылық : монография / А.Б. Құлбаев.- Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 374 б.
6. Кох И. Э. Основы сценического движения.- СПб.: Планета музыки, Лань, 2013.- 512 с.: ил.
7. Малашевская, Е.А.Классический танец для начинающих. [Текст]: Мастер -класс балетного урока / Е.А. Малашевская, Н.А. Александрова.- СПб.: Лань, Планета Музыка, 2014.- 64с.- (специальная литература).
ISBN 978-5-8114-1678-3 ISBN 978-5-91938-142-6
8. Бахарова Г.Г., Даулеткулова Г.А. «Танец. Разминка» Учебно-методическое пособие. Изд-во: КазНАИ Алматы, 2016.
9. Шанкибаева А.Б., Бахарова Г.Г., Даулеткулова Г.А. «Танец» Учебно-методическое пособие Алматы, 2018.